

**Маңғыстау облысы Денсаулық сақтау басқармасы
«№3 Жаңаөзен қалалық емханасы» ШЖҚ МКК**

АНАЛИТИКАЛЫҚ АНЫҚТАМА

**«№3 Жаңаөзен қалалық емханасы» шаруашылық жүргізу
құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын
қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау
нәтижелері туралы 2020-2022 жж.**

Жаңаөзен қаласы, 2023 жыл

**Маңғыстау облысының Денсаулық сақтау басқармасы»
мемлекеттік мекемесінің
«№3 Жаңаөзен қалалық емханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы
мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын
қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу
нәтижелері бойынша аналитикалық анықтама**

Жаңаөзен қаласы

30.06.2023 жыл

Кіріспе бөлім:

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ішкі талдау, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V ҚРЗ «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына» сәйкес, сондай-ақ, «№1 Жаңаөзен қалалық емханасы» ШЖҚ МКК-ның 2023 жылғы 25 мамырдағы № 76-Н/Қ санды «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметін ұйымдастыру туралы» бұйрығына сәйкес жүргізілді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуге, 2020 жылдан бастап 2022 жыл аралығындағы жұмыс кезеңі қамтылды.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау 2023 жылғы 01-30 маусым аралығында жүргізілді.

Жұмыс тобы басшысы- директор – Шалхарбаев Ж.Ж.

Жұмыс тобы мүшелері- 1. директордың орынбасары – Ужазова У.А.

2.директордың ішкі аудит ісі

бойынша орынбасары - Ерназарова Р.С.

3. № 1ЖТД бөлім меңгерушісі –Қарамұрзаева М.А.

4. № 2ЖТД бөлім меңгерушісі –Абдрахманова А.М.

5. №3ЖТД бөлім меңгерушісі – Тулгабаев Т.Н.

6. Әйелдер кеңесі бөлімінің

меңгерушісі - Нургалиева Ш.Т.

7. Мамандандырылған мамандар

бөлім меңгерушісі- Айтгалыев Е.Б.

8.Профилактикалық бөлім меңгерушісі- Хожанова Ә.А.

9. Бас есепші - Турушева К.А.

10. Мамандар бөлімінің басшысы- Саламатова Г.А.

11. Бас медбике – Редова Ш.Ч.

Жұмыс тобы хатшысы- Туркменбаева У.К- Зангер.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің міндеті «Маңғыстау облысының Денсаулық сақтау басқармасы» ММ-нің «№1 Жаңаөзен қалалық емханасы» ШЖҚ МКК сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша қызметін зерттеу және бағалау, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне құқықтық актілер мен ішкі құжаттарды талдау болып табылады.

**«№3 Жаңаөзен қалалық емханасы» шаруашылық жүргізу
құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынның
Қызметін қозғайтын құқықтық актілерде, ішкі құжаттарды
сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау**

Кәсіпорын өз қызметінде Қазақстан Республикасы Конституциясын, Кәсіпорын Жарғысын, Қазақстан Республикасы Еңбек кодексін, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексін, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы кодексін, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік туралы заңын, "Жедел медициналық жәрдем, оның ішінде медициналық авиацияны тарта отырып көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 30 қарашадағы № ҚР ДСМ-225/2020 бұйрығын және осы бұйрыққа өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 19 қаңтардағы № 11 бұйрығын, Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңын және басқа да нормативтік актілерді басшылыққа алады.

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес және 2020 жылғы 30 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасы бекіткен квазимемлекеттік сектор субъектілерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс институтын ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдардың негізінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жүзеге асыру кезінде жәрдем көрсету және кәсіпорында сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыруда бірыңғай тәсілді қалыптастыру мақсатында Ереже әзірленді және бекітілді.

Кәсіпорынның бөлімше ғимараттарының көрнекті орындарына, арнайы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бағытында жасақталған А3, А4 көлеміндегі плакаттар ілініп, қызметкерлерге сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бағытында түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Көрсетілетін қызметтер бойынша, халықты хабардар ету мақсатында мемлекеттік және орыс тілдеріндегі ақпараттар мен регламенттер орналастырылған стендтер бар.

Одан бөлек, халыққа қол жетімділік пен ашықтық аясында, кәсіпорынның жұмысымен байланыстырып және қажетті ақпараттарды алуға мүмкіншілік туғызатын интернет желілеріндегі арнайы сайттар жұмыс жасауда.

Кәсіпорынның қызметіне, жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне, сот актілеріне қатысты нормативтік құқықтық актілер зерделеніп, оларға талдау жүргізілді.

Тәуекел: *Азаматтарды жұмысқа қабылдау ҚР Еңбек Кодексіне сәйкес жүзеге асырылады. Онда конкурс немесе тағайындау арқылы делінген. Осы тұста сыбайлас жемқорлық тәуекелдері туындайды. Яғни басы қалаған адамын конкурстыз тағайындау арқылы тағайындау мүмкін.*

Ұсыныс: *Құзырлы органдарға ұсыныс хат жолдау.*

**«№3 Жаңаөзен қалалық емханасы» шаруашылық жүргізу
құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынның
Ұйымдастыру-басқару қызметінде сыбайлас жемқорлық
тәуекелдерін анықтау**

Персоналды басқаруға қызметі

Персоналды басқаруға қызметінде анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдер саны – 0 бірлік.

Жалпы ақпарат:

«№3 Жаңаөзен қалалық емханасы» ШЖҚ МКК-ның Персоналды басқару қызметі бекітілген штаттық бірлікке сәйкес, бос лауазымдарға қызметкерлерді қабылдау Enebek.kz электрондық биржасы және әлеуетті үміткерлердің түйіндемелері арқылы жүзеге асырады.

Персоналды басқару қызметі бойынша шығарылған барлық актілер (еңбек шарттарын жасасу және бұзу, көтермелеу және тәртіптік жауапкершілікке тарту, демалыс және жұмыс кестелер) Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің талаптарына сәйкес жасалған.

Персоналды басқару қызметі бойынша, кәсіпорынның штаттық бірілігі, жұмысқа орналасу және қызметкердің өз бастамасы жұмыстан шығау, жұмыс берушінің бастамасы бойынша қызметкерді жұмыстан босату, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық бойынша жұмыстан босату, қызметкерлерді тәртіптік шараға тарту және тәртіптік шараны мерзімінен бұрын алып тастау және басқа да бағыттар бойынша 2020, 2021 және 2022 жылды салыстырмалы түрде, ішкі талдау жүргізілді.

Персоналды басқаруға байланысты анықталған тәуекелдер саны - 0 (бірлік). Персоналды басқару қызметі, оның ішінде кадрлардың ауысуы.

2020 жыл 5 қаңтардағы жағдай бойынша, штат саны 403,75 бірлікті құрайды.

2021 жыл 5 қаңтардағы жағдай бойынша, штат саны 401,75 бірлікті құрайды.

2022 жыл 5 қаңтардағы жағдай бойынша, штат саны 405 бірлікті құрайды.

Бос жұмыс орындары туралы мәліметтер №3 Жаңаөзен қалалық емхана сайтына, электрондық еңбек биржасына орналастырылады (www.enbek.kz), ақпарат Жаңаөзен қаласының Жұмыспен қамту орталығына жіберіледі.

2020 жылы жұмысқа 10 дәрігер, 21 медбике, 1 өзге маман жұмысқа қабылданып еңбек шарты жасақталды. 3 дәрігер, 6 медбикемен жасақталған еңбек шарты Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 49 – бабы, 5 – тармақшасына сәйкес қызметкерлердің бастамасы бойынша бұзылды.

2021 жылы жұмысқа 9 дәрігер, 17 медбике, 6 өзге маман жұмысқа қабылданып еңбек шарты жасақталды. 3 дәрігер, 17 медбике, 4 өзге маманмен жасақталған еңбек шарты Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 49–бабы, 5–тармақшасына сәйкес қызметкерлердің бастамасы бойынша бұзылды.

2022 жылы жұмысқа 4 дәрігер, 20 медбике, 5 өзге маман жұмысқа қабылданып еңбек шарты жасақталды. 1 дәрігер, 7 медбике, 4 өзге маманмен жасақталған еңбек шарты Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 49–бабы, 5–тармақшасына сәйкес қызметкерлердің бастамасы бойынша бұзылды.

Жұмысқа қабылдау кезінде жаңа қызметкер Ішкі еңбек тәртібінің Ережелерімен, Лауазымдық нұсқаулықтармен және оның қызметіне қатысты басқада нормативтік актілермен, қол қойғыза отырып, танысады. Қызметкердің тапсырылатын жұмысқа біліктілігінің сәйкестігін тексеру мақсатында Еңбек шартын жасасу кезінде міндетті түрде сынақ мерзімі туралы талап белгіленеді.

Жағымсыз себептер бойынша жұмыстан шығарылғандар болған жоқ.

№3 Жаңаөзен қалалық емхана қызметкерлері сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар мен қылмыстар бойынша әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке тартылған жоқ.

Қызметкерлердің жеке істері, оның ішінде біліктілік (дипломдар) беріле отырып, жоғары не кәсіптік және техникалық білімінің болуын куәландыратын құжаттар тексерілді, оның барысында барлық қызметкерлердің тиісті салалардағы уәкілетті органдардың нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген біліктілік талаптарына сәйкес келетіні анықталды.

Сондай – ақ, қызметкерлердің жеке істерінде Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 26 – бабы 2 – тармағының 3) тармақшасында көзделген, сотталғандығы бар немесе болған, қылмыстық қудалауға ұшыраған немесе тартылған кәмелетке толмаған адамдардың және сауықтыру, медициналық қамтамасыз ету, әлеуметтік қызметтер көрсету, мәдениет және өнер саласындағы ұйымдарға жұмысқа орналасуға жол бермеу (ҚР Қылмыстық – процестік кодексінің 35 – бабы бірінші бөлігінің 1) және 2) тармақшалары негізінде өздеріне қатысты қылмыстық қудалау тоқтатылған адамдарды

қоспағанда) бөлігінде шектеулердің жоқтығы, кісі өлтіру, денсаулыққа қасақана зиян келтіру, халықтың денсаулығы мен имандалығына қарсы, жыныстық қол сұғылмаушылыққа қарсы, экстремистік немесе террористік қылмыстар, адам саудасы үшін құқық бұзушылықтардың болмауы тексерілді.

Барлық қызметкерлердің жеке істерінде ҚР Бас прокуратурасы жанындағы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің ақпараттық – анықтамалық есептеріне сәйкес соттылығының жоқтығы туралы анықтамалар бар.

Мүдделер қақтығысың реттеу желісі бойынша

Мүдделер қақтығысына байланысты анықталған тәуекелдер саны - 0 (бірлік).

Талдау барысында анықталған жақын туыстарының, жұбайлары мен жекжаттарының бірлескен қызметінің (жұмысының) фактілері сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін тудырады. "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" ҚР Заңының 14-бабының 1-тармағына сәйкес жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдар, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдар және мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдар (Қазақстан Республикасының Президенттігіне, Қазақстан Республикасы Парламентінің немесе мәслихаттарының депутаттығына, аудандық маңызы бар қалалардың әкімдеріне кандидаттарды қоспағанда, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқарудың сайланбалы органдарының мүшелігіне) лауазымдарға тікелей бағынысты лауазымдарды атқара алмайды, олардың жақын туыстары және (немесе) жұбайы (зайыбы), сондай-ақ жекжаттары атқаратын.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдау жүргізу кезінде колледжде жақын туыстарының бірлескен қызметі (жұмысы) фактілері анықталған жоқ. Мүдделер қақтығысы фактілері жоқ.

Мемлекеттік қызмет көрсету желісі бойынша

Мемлекеттік қызмет көрсетуге байланысты анықталған тәуекелдер саны - 0 (бірлік).

«Денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізілімін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2020 жылғы 31 қаңтардағы № 39/НҚ бұйрығын іске асыру шеңберінде.

1) жеке тұлғаларды медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарына бекіту қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 13 қарашадағы № ҚР ДСМ-194/2020 бұйрығы;

2) еңбекке уақытша жарамсыздыққа сараптама жүргізу, сондай-ақ еңбекке уақытша жарамсыздық парағын немесе анықтамасын беру қағидаларын

бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 18 қарашадағы № ҚР ДСМ-198/2020 бұйрығы;

3) «Медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 24 тамыздағы № ҚР ДСМ-90 бұйрығы;

4) «Денсаулық сақтау саласында мемлекеттік қызметтер көрсетудің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 18 мамырдағы № ҚР ДСМ-49/2020 бұйрығы;

5) «Еңбекке уақытша жарамсыздыққа сараптама жүргізу, сондай-ақ еңбекке уақытша жарамсыздық парағын немесе анықтамасын беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 18 қарашадағы № ҚР ДСМ-198/2020 бұйрығы;

6) «Қазақстан Республикасында стационарлық жағдайларда медициналық көмек көрсету стандартын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 24 наурыздағы № ҚР-ДСМ-27 бұйрығы;

7) «Азаматтардың жекелеген санаттарына дәрілік заттарды, бейімделген емдік өнімдерді, медициналық бұйымдарды беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 12 қазандағы № ҚР ДСМ -103 бұйрығы;

2020, 2021, 2022 жылдарда мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша шағымдар тіркелген жоқ.

2021-2022 жыл ішінде тоқсан сайынғы негізде статистикалық деректерді, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасы мониторингінің нәтижелерін және ақпараттық жүйелерді, Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын арттыру бойынша түсіндіру іс-шаралары туралы, шағымдардың болуы/болмауы және т.б. ақпаратты көрсететін талдамалық жазбаны қоса бере отырып, көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасына ішкі бақылау бойынша емхананың жұмысы туралы есеп қалыптастырылды.

Тоқсан сайынғы негізде нормативтік құқықтық актілерге, мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы ҚР заңнамасы талаптарының сақталуына талдау жасалған мемлекеттік қызметтер көрсетуге мониторинг жүргізілді.

Мониторинг нәтижелері мемлекеттік қызмет көрсететін бөлімшелер мен филиалдардың назарына жеткізілді.

Тексеру нәтижелері бойынша мемлекеттік қызметтерді көрсету тәртібі мен мерзімдерін бұза отырып көрсету жағдайлары, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушылар тарапынан көрсетілген мемлекеттік қызметтердің сапасына шағымдар анықталған жоқ.

Пациенттерді қолдау қызметі бойынша:

2020 ж.	2021 ж.	2022 ж.
ҚМИС бойынша барлық пікірлер-45	ҚМИС бойынша барлық пікірлер-147	ҚМИС бойынша барлық пікірлер-160
Барлық өтініштер уақтылы	Барлық өтініштер уақтылы	Барлық өтініштер уақтылы

пысықталады. Ауруханаға жатқызу - 1960 Е-ӨТІНІШ-жок Call-орталық Өтініш-16 Барлық шағымдар алгоритмге сәйкес пысықталды. Негізделген шағымдар болған жоқ.	пысықталады. Ауруханаға жатқызу-2172 Е-ӨТІНІШ-жок Call-орталық Өтініш-653 Барлық шағымдар алгоритмге сәйкес пысықталды. Негізделген шағымдар болған жоқ.	пысықталады. Ауруханаға жатқызу - 2312 Е-ӨТІНІШ-12 Call-орталық Өтініш-455 Барлық шағымдар алгоритмге сәйкес пысықталды. Негізделген шағымдар болған жоқ.
---	--	---

Тәуекел: Медициналық тексерістер бойынша азаматтар әр кабинетке кіріп жүруге асығып, сол емханада жасайтын қызметкерлер ақшасына өткізуін беруін сұрауы мүмкін.

Ұсыныс: Әрбір медициналық тексерістен өтетін азамат, азаматшалардың жеке куәлігімен дәрігер алдында тексеру регламентін енгізу.

Рұқсат беру функцияларын іске асыру желісі бойынша

Кәсіпорынның өз қызметінде рұқсат беру функцияларын іске асыру бойынша өкілеттігі қаралмаған.

Бақылау функцияларын іске асыру желісі бойынша

Кәсіпорын өз қызметінде бақылау функцияларын іске асыру бойынша өкілеттіктерге ие емес.

Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметтен туындайтын өзге де мәселелерді іске асыруға байланысты тәуекелдерді анықтау желісі бойынша.

Ұйымдастыру-басқару қызметінен туындайтын өзге де мәселелерді іске асыруға байланысты анықталған тәуекелдер саны - 0 (бірлік).

Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуға байланысты мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы", "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарында көзделген шектеулер бойынша өткізілетін мемлекеттік сатып алуға осы әлеуметті өнім берушінің бірінші басшыларының және (немесе) осы әлеуметті өнім берушінің уәкілетті өкілінің жақын туыстарының, жұбайының (зайыбының) немесе жекжаттарының өнім берушіні таңдау туралы шешім қабылдауға құқығы бар, не осы әлеуметті өнім берушінің, атқарушылық құжаттар бойынша орындалмаған міндеттемелері бар және борышкерлердің Бірыңғай тізіліміне енгізілген әлеуметті өнім беруші және (немесе) ол тартатын қосалқы мердігер (бірлесіп орындаушы) ретінде қатысуға жол бермеу, сыбайлас жемқорлық қауіптері анықталмады. Кәсіпорынның Мемлекеттік сатып алуы Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы "Мемлекеттік сатып алу туралы" Заңының нормаларына, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы "Мемлекеттік сатып алуды

жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" № 648 бұйрығына, сондай-ақ мемлекеттік сатып алу саласындағы басқа да нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырылады. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу Мемлекеттік сатып алу веб-порталында және Кәсіпорынның Интернет-ресурсында орналастырылған бекітілген, мемлекеттік сатып алу жоспарына сәйкес жүзеге асырылады. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу рәсімдері Мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы электрондық форматта жүзеге асырылады, бұл "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабында айқындалған қағидаттарды байқауға, сондай-ақ веб-порталда сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша толық және дұрыс ақпарат қалыптастыруға және олардың орташа сатып алу бағаларын айқындауға мүмкіндік береді. Электрондық шарттарды және Мемлекеттік сатып алуды оңайлатуға және ашықтығына бағытталған басқа да бірқатар нормаларды енгізу сыбайлас жемқорлық қауіптерін барынша азайтуға мүмкіндік берді. Бұл бағытта сыбайлас жемқорлық қауіптері жоқ.

Қаржы-шаруашылық қызмет желісі бойынша.

Қаржы-шаруашылық қызметінде анықталған тәуекелдер саны - 0 (бірлік).

Кәсіпорын қызметі бюджет және қаржы қаражатын негіздеуге және бөлуге бағытталмаған. Жарғыға сәйкес, кәсіпорынның қызметі даму жоспарына сәйкес өзінің кірісі мен бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылады.

Сонымен қатар, тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде бекітілген халыққа көрсетілетін қызметтер үшін кәсіпорынға міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының қаражатынан сомалар төленеді.

Ол үшін кәсіпорын мен Қор арасында медициналық қызметтерді сатып алу шарттары жасалды, олардың негізінде кәсіпорын сатып алу шарттары күшіне енген сәттен бастап қосылу шартында белгіленген шарттармен шарттық қатынастарға түседі.

Қосымша ақпарат (мысалы, аудиторлық тексерулердің нәтижелері: ішкі аудит қызмет, прокуратура тексеріс анықтамасы) акттер.

Акт. анықтама бойынша шаралар алынып, кемшіліктер жойылды.

9. Анықталған жасырын мемлекеттік қызметтердің саны - 0 (бірлік).

Жұмыс барысында сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.




ҚОРЫТЫНДЫ БӨЛІМ

Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметтегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу және НҚА қолдану барысында сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлар анықталған жоқ.

Бұдан басқа, "№ 3 Жаңаөзен қалалық емханасы" ШЖҚ МКК қызметкерлер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын күшейту бойынша тұрақты мақсатты жұмыс жүргізілуде.

Қосымшалар: ____ парақта (талдау кезінде пайдаланылған құжаттардың көшірмелері, сот шешімдері, хаттамалар, тексеру актілері және басқа да құжаттар, ақпараттық материалдар).

ЖҰМЫС ТОБЫНЫҢ МҮШЕЛЕРІ:

- | | | |
|--|--|-------------------|
| 1. Директордың орынбасары |  | Ужазова У.А. |
| 2. Директордың ішкі аудит ісі бойынша орынбасары |  | Ерназарова Р.С. |
| 3. № 1 ЖТД бөлім меңгерушісі |  | Қарамұрзаева М.А. |
| 4. № 2 ЖТД бөлім меңгерушісі |  | Абдрахманова А.М. |
| 5. № 3 ЖТД бөлім меңгерушісі |  | Тулгабаев Т.Н. |
| 6. Әйелдер кеңесі бөлімінің меңгерушісі |  | Нургалиева Ш.Т. |
| 7. Мамандандырылған мамандар бөлім меңгерушісі |  | Айтгалмев Е.Б. |
| 8. Профилактикалық бөлім меңгерушісі |  | Хожанов А.А. |
| 9. Бас есепші |  | Турушева К.А. |
| 10. Мамандар бөлімінің басшысы |  | Саламатова Г.А. |
| 11. Бас медбике |  | Редова Ш.Н. |
| Жұмыс тобы хатшысы |  | Туркменбаева У.К. |
| Зангер. | | |

Таныстым:

 
(Мемлекеттік мекеменін/ұйымның басшысы, Т. А. Ә., қолы)